

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыста Рудный қаласындағы ЖЭО-дағы бу қуатын 220 т/сағ-тан 260 т/сағ-қа дейін арттыру үшін, БКЗ-220-100 қазандық қондырғысын жаңғыртуды қарастырады. Жоба қазандық қондырғысының жаңа параметрлері бойынша термиялық есебімен, ЖЭО технологиялық схемасы сипатталған.

Жұмыста сонымен қатар қосалқы жабдықтың құрамы, автоматты басқаруды реттеу жүйесі сипатталған және де қайта құрудың жылдық экономикалық тиімділігінің есебімен толықтырылғаны туралы ақпарат беріледі.

Қорытынды бөлімі және қоршаған ортаны қорғау бөлімінде Рудный қаласындағы ЖЭО-да БКЗ-220-100 қазандықтың қоршаған ортаға әсері және көмір жанған кездегі шығарынды қуаттылығын есептеу қарастырады.